



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 25 қазан

### **Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы нарығының және бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдауын жалғастырады**

Ақша-кредит және бюджет саясатын үйлестіру экономиканың орнықты дамуының қажетті шарты болып табылады. 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетке өзгерістердің өлшемдері Ұлттық Банкпен толығымен келісілген ағымдағы жылғы жекелеген макроэкономикалық көрсеткіштерді қайта қарауға негізделген. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламентінің Сенатында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, 2018 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында инфляция 3,3% болды, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен төмен. Қыркүйектегі жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда 6,1%-ға дейін төмендеді.

«Қазақстан Ұлттық Банкінің бағалауы бойынша, 2018 жылы инфляция 5-7% нысаналы дәлізде қалады, ал 2019 жылы ол 4-6% болатын жаңа барынша төмен нысаналы дәліздің жоғары шегінің жанында қалыптасуы керек», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ол болашақ инфляцияның өсуіне жол бермеу үшін Қазақстан Ұлттық Банкі 15 қазанда базалық мөлшерлемені 9%-дан 9,25%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдағанын атап өтті. Базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі теңгемен активтерге сұранысты арттырады және қолайлы ақша-кредит жағдайларын сақтауға мүмкіндік береді.

«Жылдың басынан бастап 24 қазанға дейін валюта нарығында теңге бағамы 10,1%-ға әлсіреді және бір АҚШ доллары үшін 365,82 теңгені құрады. Теңгенің әлсіреуі сыртқы факторларға байланысты болды. Біріншіден, дамушы елдердің валюталарына қатысты АҚШ долларының күшеюі. Екінші фактор - Ресейге қарсы санкцияларды одан әрі қатайту туралы хабарлау. Осыған орай, жылдың басынан бері Ресей рублінің әлсіреуі 15% болды. Ұлттық Банк шекарасы, дәлізі немесе басқа да бағдарлары жоқ өзгермелі айырбастау бағамы саясатын жүргізуін жалғастырады», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Д. Ақышевтың айтуынша, алдын ала деректер бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 30 млрд АҚШ долларын, Ұлттық қордың активтері - 56,3 млрд АҚШ долларын құрады. Жалпы халықаралық резервтер 86,4 млрд АҚШ долларына жетті.

«Ағымдағы жылдың 9 айында депозиттер 0,8%-ға 17,6 трлн теңгеге дейін өсті. Ұлттық валютадағы депозиттердің өсімі 1,1% немесе 97 млрд теңгені құрды. Шетел валютасындағы депозиттер 0,5%-ға немесе 40,8 млрд теңгеге көбейді. Нәтижесінде, депозиттердің долларландыруы 47,5%-ға дейін төмендеді. 1 қазаннан бастап жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді анықтау тәсілі өзгерді. Мөлшерлемелер мерзім және салым түрі бойынша жіктеледі», - деді ол.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы кредит нарығы қалпына келуде деп атап өтті. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9 айда жаңа несиелер беру көлемі 25,8%-ға немесе 2 трлн теңгеге өсті. Қайта құрылымдаудан өтіп жатқан және лицензиядан

айырылған банктердің кредиттік портфелін қоспағанда, экономиканы кредиттеудің жылдық өсуі 11,2%-ға немесе 1,1 трлн теңгеге бағаланып отыр. Кәсіпорындарға теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлеме жыл басындағы 13,2%-дан 2018 жылғы қыркүйекте 12,2%-ға дейін төмендеді.

«Қазақстан Ұлттық Банкінің ағымдағы басымдығы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында берілген тапсырмаларын іске асыру болып табылады. Біз Үкіметпен және банктермен бірге өтімділікті беру тетіктерін жедел әзірлеуге дайынбыз. Қазақстан Ұлттық Банкі республикалық бюджеттің өлшемдерін қолдайды және баға тұрақтылығы мен қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдай береді», - деді сөзін қорытындылай келе Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)